

"Сейфуллин оқулары – 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландару - жаңа даму кезені » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». - 2018. - Т.1, Ч.2. - С.44-46

ОТАНДЫҚ ТРАКТОРЛАР

*Шаймуратова Э.С., ассистент
Курганбаева С., студент
Сағындық Т.Ж., к.т.н., доцент*

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктерін айтып қана қоймай, нақты 10 бағыт бойынша маңызды міндеттерді атап көрсетті: «Аграрлық ғылымды дамыту мәселесі басты назарда болуға тиіс. Ол ең алдымен жаңа технологияларды трансферттеумен және оларды отандық жағдайға бейімдеумен айналысуы қажет. Жаңа технологиялар мен бизнес-модельдерді енгізу, агроөнеркәсіп кешенінің ғылымға негізделуін арттыру шаруашылықтарды кооперациялау қажеттігін күшейту» [1].

Еліміздің бірнеше трактор шығаратын өнеркәсіптік кәсіпорнын ашылды. Оңтүстіктегі Кореяның Daedong компаниясымен бірігіп "Kaz Kioti" ЖШС моделі Kioti тракторлар шығара бастады (2015ж). Бұл заводтың жоспарында бар тракторлардың қуаты 43,8; 55,5; 73 кВт болатын тракторларды шығаруға [2].

Қытайдың "YTO Group" компаниясымен бірігіп "Қаратал АгроТех" ЖШС моделі ARLAN 404D тракторлар шығара бастады. Ағымдағы жылдың (2017ж) тамыз айында «Қаратал Агротех» ЖШС ұжымы «Арлан» отандық брендімен жүзінші тракторды шығарды. 14,6 бастап 131,4 кВт дейінгі аралықты қамтитын түрлі қуаттағы трактордың бес түрін қамтитын мамандандырылған техникаларды құрастыру ісі жалғасуда. Өндірістің құрылғанына көп бола қоймаса да, еліміздің көптеген шаруа және фермерлік қожалықтарының басшылары жаңа техниканың басымдықтарын мойындап отыр. Қазір зауыт аумағында Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына жеткізуге арналған тракторлардың кезекті тобы сынақтан өткізілуде. Оған қоса зауытта басқа да ауыл шаруашылығы техникалары мен агрегаттары шығарылады.

Ақтобе қаласында орналасқан «Машинная Технологическая Станция ТРАКТОР» ЖШС (әрі қарай МТС ТРАКТОР) Россияның ООО «ТРАКТОР» (Еманжелинск қаласы Челябинь обласы) компаниясымен бірігіп " Уралец-160, 180,220" моделі тракторлар шығара бастады (2014ж) [3].

Семей қаласында «Семипалатинский автосборочный завод СемАЗ» ЖШС-де МТЗ 1221.2 модельді тракторлар шыға бастады. Тарту классы 9 кН дейін (Уралец-160,180,220). Бұл шағын габаритті доңғалақты трактор. Оның доңғалақ формуласы 4x2 (яғни трактордың төрт доңғалағы бар, оның екеуі

жетекші). Осы кластың негізгі тракторларынан двигателінің қуаты 7,36-8,83 кВт келетін жаңа өндірістік, ал өзгертілген түрлерінен селекциялық тракторлар жасалуда.

Бұл кластағы тракторлар көкөніс дақылдары мен бақшаның қатар аралықтарын өңдейді, егіс алдындағы күтіп-баптау жұмыстарын атқарады, көкөністерді егеді және отырғызады, егісті баптайды, пішен жинайды, транспорт жұмыстарын атқарады

Тарту классы 9-14 кН (ARLAN 404D) [4]. Оның доңғалақ формуласы 4x4. Бұл кластағы тракторлардың беріліс ауқымы кең, барлық берілісте айналу бағытын өзгерту мүмкіндігі мол, алдыңғы және артқы доңғалақтарының із аралығы реттелетін болғандықтан, олар ауыл шаруашылығында егіс алдындағы өңдеу, егу зиянкестермен күресу, пішен жинау секілді жұмыстарды атқарады.

Тарту классы 20-30 (MTЗ -1221.2) [5]. Оның доңғалақ формуласы 4x4. Базалық моделі доңғалақты тракторлар негізінен төпырақты өңдеуге, астықты егуге және жинауға, сондай-ақ тасымал жұмыстарына арналған.

Тарту классы 50-80 кН (К-704-4R Батыр-СК) [6]. Доңғалақ формуласы 4x4. Отандық өнеркәсібімізде жасайтын аса қуатты доңғалақты ауылшаруашылық тракторы.

Тарту классы 60 кН мен одан жоғары (К-703 МА ДМ15 Батыр-СК) шынжыр табанды трактор. Бұл трактор (алдымызда айтқан К-704-4R Батыр-СК секілді) энергияны көп қажет ететін ауыл шаруашылығы жұмыстарына арналған. Және бұл тракторларды агромелиоративтік жұмыстарға пайдаланады. Кестеде отандық тракторлардың қысқаша сипаттамасы, өндіруші завод және оның мекен жайы келтірілген.

Кесте - Отандық тракторлардың қысқаша сипаттамасы

№	Модель трактора	Қуаты, кВт	Конструкциялық салмағы, кН	Тарту классы, кН	Өндіруші завод	Мекен жайы
1	Уралец-160	12,1	8,8	9 кН дейін	"МТС ТРАКТОР" ЖШС	Ақтобе қаласы
2	Уралец-180	13,2	9,2	-	-	-
3	Уралец-220	16,2	9,4	-	-	-
4	Kioti	33.4	19,2	-	"Kaz Kioti" ЖШС	Шымкент қаласы
5	ARLAN 404D	29,4	17,5	9-14	"Қаратал АгроТех" ЖШС	Үштобе қаласы, Алматы облысы
6	MTЗ - 1221.2	99,2	58,8	20-30	«Семипалатинский автосборочный	Семей қаласы

					завод СемАЗ» ЖШС	
7	К-704- 4R Батыр- СК	294	117,7	50-80	СП «Петропавловский Тракторный Завод» СП ЖШС	Петропав л каласы
8	К-703 МА ДМ15 Батыр- СК	294	196,1	60 кН мен одан жоғары (шынжы р табанды)	-	Петропав л каласы

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар
http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn_prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar
2. "Kaz Kioti" ТОО http://www.agroprom.kz/catalog/view_12155
3. Минитрактра и навесное оборудование в Республике Казахстан.
<http://www.minitractor.kz/>
4. Трактор ARLAN 404D (40 л.с 4*4). <http://kz.bizorg.su/traktory-40-59-ls-r/p6237191-traktor-arlant-40-l-s-4-4-dvigately>
5. АгроСпецТехника. <https://agrospectehnika.kz/produktsiya-podrobnaya-informatsiya/traktory/item/14>
6. Трактор универсальный сельскохозяйственный К-704-4Р «БАТЫР-СК» «КЛАССИК». <http://kz-ptz.kz/catalog/selskokhozyajstvennaya-tekhnika/traktor-universalnyj-selskokhozyajstvennyj-k-704-4r-batyr-sk-klassik>